Н.С. НИКИФОРОВА, С.А. ПРОКОФЬЕВА

АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНЫҢ ТАУАРТАНУЫ

ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ

«Білім беруді дамытудың федералды институты» федералды мемлекеттік мекемесі 100701.01 «Сатушы, бақылаушы-кассир» мамандығы бойынша бастапқы кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру мекемелерінің оқу үдерісі барысында қолдануға арналған оқу құралы ретінде ұсынылған

Пікірдің тіркеу нөмірі 498

«БДФИ» ФММ 2 шілде 2009 ж.

6-басылым, стереотипті

ACADEMIA

«Академия» баспа орталығы
Мәскеу, 2014 жыл.

ӘОЖ 620.2
КБЖ30.609ші72
2 Н627

Бұл кітап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ арасында жасалған шартқа сәйкес ««ТжКБ жүйесі үшін шетел әдебиетін сатып алуды және аударуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында қазақ тіліне аударылды.
Аталған кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы Ресей Федерациясының білім беру үдерісіне қойылатын талаптардың ескерілуімен жасалды.
Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымдарының осы жағдайды ескеруі және оқу үдерісінде мазмұнды бөлімді (технология, материалдар және қажетті ақпарат) қолдануы қажет.
Аударманы «Delta Consulting Group» ЖШС жүзеге асырды, заңды мекенжайы: Астана қ., Иманов көш., 19,
«Алма-Ата» БО, 809С , телефоны: 8 (7172) 78 79 29, эл. поштасы: info@dcg.kz

П ік ір жа зғ а н —
Н.В. Гранаткина, Мәскеу қ. №181 Кәсіптік мектебінің 1-ші санаттағы оқытушысы

Никифорова Н. С.
Н627 Азық-түлік тауарларының тауартануы. Жұмыс дәптері: орта кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған оқу құралы / Н.С. Никифорова, С.А. Прокофьева. — 6-шы басылым, стер. — М.: «Академия» Баспа орталығы, 2014. — 96 б.

ISBN 978-601-333-134-8 (каз.)
ISBN 978-5-4468-0868-7 (рус.)

Жұмыс кітабы «Сатушы, бақылаушы-кассир» мамандығы бойынша оқу-әдістемелік жинағының бір бөлігі болып табылады..

Онда студенттерге теориялық материалдарын бекітуге, тәжірибе жүзінде тағам өнімдерінің сұрыпталымымен танысып, олардың сапасын стандарттар талаптарына сәйкес анықтауға мүмкіндік беретін тапсырмалар қамтылған. Ол тақырыпты тәуелсіз және жүйелі түрде зерттеу деңгейін жоғарылатуға арналған.

Нұсқаулық 100701.01 «Сатушы, бақылаушы-кассирі» мамандығы бойынша «Азық-түлік тауарларын сату» (МДК, 02.01) РМ.02 кәсіптік модулін меңгеру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Орта кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған.

ӘОЖ 620.2
КБЖ 30.609ші722

Оқу құралы

Никифорова Нина Семеновна,
Прокофьева Светлана Анатольевна
Азық-түлік тауарларының тауартануы
Жұмыс дәптері

6-шы басылым, стереотипті

Редакторы *Т.В. Романенко,* Техникалық редакторы *О.Н. Крайнова*
Компьютерлік беттеуі: *Р.Ю. Волкова,* Түзетуші *Н.С. Потемкина*
Басылым № 106103728. Басып шығарылған 11.02.2014. Пішімі 70х100/16. «Балтика» гарнитурасы
Қағазы жфм. № 1. Офсалды басып шығару. Баспа парағының шарттары 7,8. Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс №

Осы жарияланымның түпнұсқасы «Академия» баспа орталығының меншігі болып табылады және құқық иесінің келісімінсіз оны кез келген тәсілмен көбейтуге тыйым салынады

© Никифорова Н.С., Прокофьева С.А., 2004
© Никифорова Н.С., 2012 Прокофьева С.А., өзгертулерімен, 2012
© «Академия» оқу-баспа орталығы
© Рәсімдеуі.«Академия» баспа орталығы, 2012

ISBN 978-601-333-134-8 (каз.)
ISBN 978-5-4468-0868-7 (рус.)

Құрметті оқырман!

Бұл жұмыс дәптері «Сатушы, бақылаушы-кассир» мамандығы бойынша оқу-әдістемелік жинағының бір бөлігі болып табылады.

Оқу құралы ПМ.02 «Азық-түлік тауарларын сату» кәсіби модулін үйренуге арналған. Жаңа буынның оқу-әдістемелік жинақтары жалпы және жалпы кәсіби пәндер мен кәсіби модульдерді оқытуға мүмкіндік беретін дәстүрлі және инновациялық оқу-әдістемелік материалдарды қамтиды. Әрбір жинақта жұмыс берушінің талаптарын ескере отырып, жалпы және кәсіби құзыреттерді игеру үшін қажетті оқулықтар мен оқу құралдары, оқыту және мониторинг құралдары қамтылған.

Оқу басылымдары электронды білім беру қорларымен толықтырылады. Электрондық ресурстарда интерактивті жаттығулар мен жаттықтыру құрылғылары, мультимедиялық нысандар, интернетте қосымша материалдар мен қорларға сілтемелері бар теориялық және тәжіребелік модульдер бар. Оған терминологиялық сөздік және оқу үдерісінің негізгі параметрлері белгіленетін электронды журнал кіреді: жұмыс уақыты, бақылау мен практикалық тапсырмалардың орындалу нәтижесі. Электронды ресурстар оқу үдерісіне оңай енеді және әртүрлі оқу бағдарламаларына бейімделуі мүмкін.

КІРІСПЕ

Жұмыс дәптерінің құрылымы оқу құралы құрылымына, вл тапсырмалардың деңгейі ПМ.02 «Азық-түлік тауарларын сату» кәсіптік модулін меңгеру талаптарына сәйкес келеді.

«Азық-түлік тауарларының тауартануы» бойынша әзірленген жұмыс дәптерінде төмендегідей тақырыптар қамтылған: «Дәндіұн тауарлары», «Жеміс-көкөніс тауарлары», «Дәмдік тауарлар», «Кондитерлік тауарлар», «Сүт тауарлары», «Ет тауарлары», «Балық және балық өнімдері тауарлары».

Дәптерде оқу құралдарының материалдары бойынша тапсырмалардың әртүрлі нұсқалары ұсынылған: бақылау сұрақтары, тестілер, тауардың сипаттамасына сәйкес анықтамалар, тауарлардың жіктеу сызбаларын қосу, сондай-ақ техникалық және логикалық ойлауды дамытуға арналған тапсырмалар және т.б.

Тәжірибелік тапсырмалар беріледі, ол студенттерге тауардың сапасын бағалауға мүмкіндік береді, нормативтік құжаттармен тәуелсіз жұмыс істейді.

Ұсынылған дәптер әрбір тақырып бойынша студенттердің білімін өзіндік бақылауға, сондай-ақ оқытушылардың студенттердің білімін (тақырыптық және қорытынды) бақылауға арналған.

1-тарау.

ДӘНДІҰН ТАУАРЛАРЫ

1.1. ЖАРМА

1. Дән қандай бөліктерден тұрады?

_____
_____
_____

2. Жарманың химиялық құрамы мен тағамдық құндылығы қандай?

_____
_____
_____
_____

3. «Геркулес» түйіршіктер, тары, қарақұмық жармасы сияқты жарма түрлерін сипаттаңыз.

_____
_____
_____
_____
_____

***4.* Бидайдан қандай жармалар алынады** *(дұрыс жауабын таңдаңыз):*

а) тары;
б) ұнтақ;
в) ұсақ бөлшектелген жарма?

5. Қандай жармаларда көп мөлшерде темір бар және диеталық тағаммен байланысты?

_____
_____
_____
_____
_____

6. Түсі мен өңделу тәсіліне байланысты қандай бұршақ жақсы пісіріледі?

_____
_____
_____

7. Өңдеу әдісіне байланысты күріштің жіктелуін жалғастырып жазып шығыңыз:

а) ажарланған;

б) _____;

в) _____;

г)_____.

8. Отандық өнеркәсіп жарманың қандай түрін шығарады?

_____
_____
_____

9. Жарманың қандай түрі сұрыптарға бөлінеді?

_____
_____

10. Жарманың қандай түрін пісіру қажет емес?

_____
_____

11. Жарманың қандай түрі басқаларына қарағанда ұзақ пісіріледі?

_____
_____

12. Сұлы жарманың қай түріне жатады?

_____
_____

13. Кесек жармасы, кесек өзегінен несімен ерекшеленеді?

_____
_____
_____

14. Сақтау кезінде жармада қандай процестер пайда болады?

_____
_____

15. **Қандай жармалар сақтау кезінде басқа жармаларға қарағанда қасиеттерін ұзағырақ жоғалтпайды?**

_____

16. **Тәжірибелік тапсырмаларды орындаңыз.**

1-тапсырма.

Ұсынылып отырған үлгілерге және стандарттарға сәйкес жарманың сұрыпын тексеріңіз.

Жұмысты жүргізу реті:

1) дәннің қай түрінен мынадай жарма алынатынын анықтаңыз;

2) қандай жармалар сұрып пен нөмірлерге бөлінетінін атаңыз;

3) жарманың тұтынушылық қасиетін атап шығыңыз (пісіру уақыты мен пісіру барысында жарма көлемін қосу); 4) алынған нәтижені төмендегі кестеге келтіріңіз:

Дәндердің түрі	Жарма түрі	Сұрыпы немесе нөмірі	Тұтынушылық қасиеттері

2-тапсырма.

Жарма үлгілеріне органолептикалық бағалау жүргізіңіз.

Жұмысты жүргізу реті:

1) үлгіні стандарттағы сипаттамамен салыстыру арқылы жарманың түсін анықтаңыз; ол үшін қағаздың бос парағына, жұқа қабатымен жарманы жайып шығып, күндізгі шашыраңқы жарықпен мұқият қараңыз;

2) жарманың дәмін аз мөлшерде шайнап көру арқылы анықтаңыз;

3) үлгіні деммен қыздырып немесе алақаныңызға қысып отырып жарманың сапасын анықтаңыз (ескірген жарманың борсыған немесе көгерген иісі болады);

4) алынған нәтижені төмендегі кестеге келтіріңіз:

Жарма	Түсі	Иісі	Дәмі	Сапасы туралы қорытынды

17. «Жармалар» сөзжұмбағын шешіңіз.



Көлденеңінен: 1. Арпа жармасы. 2. Сұлы жармасы. 3. Өңделген күріштің түрі. 4. Тары жармасы. 5. Пісірілмейтін диеталық жарма. 6. Қарақұмық жармасының түрлері. 7. Өңделген күріштің түрлері. 8. Бадана түсі. 9. Май алынатын бұршақтардың дәндері.

Тігінен: 1. Күрішті өңдеу түрлері. 2. Бұршақ дақылдары. 4. Бидай жармасы. 10. Қарақұмық жармасының түрлері. 11. Мол ақуызды бұршақ дақылдары. 12. Бидай жармасы. 13. Аса майлы жарма. 14. Бұршақ дақылдарының түрлері.

1.2. ҰН

1. Ұнтақтау әдістерінің сызбасын толықтырыңыз.



2. Қарапайым және сұрыпты ұнтақтау арасындағы айырмашылық неде?

_____

_____

3. **Бірсұрыпты және көпсұрыпты ұнды ұнтақтаудың арасындағы айырмашылық қандай?**

_____
_____
_____

4. **Бірсұрыпты ұнтақтаумен қандай ұнды алуға болмайды?**

_____
_____
_____

5. **Бірінші сұрыпты ұнмен салыстырғанда екінші сұрыптағы ұнның қоңырқай түсін қалай түсіндіруге болады?**

_____
_____

6. **Не себепті ұнның сәл тәтті дәмі бар?**

_____
_____
_____

7. **Неге ұнның ащы дәмі пайда болады?**

_____
_____
_____

8. **Тәжірибелік тапсырмаларды орындаңыз.**

1-тапсырма.

Үлгілер мен нормативтік құжаттарға сәйкес қарабидай мен бидай ұнының түрі мен сұрыпын зерттеңіз.

Жұмысты жүргізу реті:

1) таза қағаз парағына әрбір ұнның (бірінші қарабидайдың, содан кейін бидай ұнының) үлгілерін әрқайсысына себіңіз, үстіне қағаздың таза парағын қойып, ұнды тегістеп, үстінен қолмен тегістеңіз. Содан кейін қағаздың жоғарғы парағын алып тастаңыз;

2) ұнға түсіне, кебегіне ерекше назар аудара отырып, (құралсыз көзбен көрінетін немесе көрінбейтін), сондай-ақ түйіршектің мөлшерін ескере отырып, әр ұнды мұқият қарастырыңыз. Ұнтақтақтың ірілігін саусақтардың арасында аз мөлшерде салып ысқылау арқылы тексеруге болады;

3) ұнның түрі мен сұрыпын анықтау мақсатында нөмірленген үлгілерді зерттеп көру үшін төмендегі кестені толтырып шығыңыз:

Ұнның түрі	Сұрыпы	Түсі	Ұнтақтың ірілігі	Кебектің болуы
Бидайлы	1-ші	Ақшыл, сарғыш	Жұқа	Көрінбейді

2-тапсырма.

Нормативтік құжаттарға сәйкес ұнның 1-2 үлгілерінің сапасын органолептикалық түрде анықтаңыз.

Жұмысты жүргізу реті:

1) үлгіні стандарттағы сипаттамамен салыстыру (түсін анықтау);
2) үлгіні үрлеп жылытыңыз немесе оны алақаныңызға салып қысыңыз және иіскеңіз (иісін анықтау);
3) ұнның аздаған мөлшерін шайнап көріңіз, сол арқылы оның тісте қытырлауына назар аударыңыз (дәмін анықтау);
4) алынған нәтижені төмендегі кестеге келтіріңіз:

Ұнның түрі мен сұрыпы	Сапа көрсеткіштері				Сапасы туралы қорытынды
	Түсі	Иісі	Дәмі	Қытырлауы	

1.3. НАН ЖӘНЕ НАН-ТОҚАШ ӨНІМДЕРІ

1. **Қарапайым және жақсартылған нан сұрыптары арасындағы айырмашылық неде?**

_____

_____

2. **Нанның қарабидай-бидай сұрыптарын жақсартуға қандай қоспалар қосылады?**

_____

_____

3. Қарабидай шелпек нанының пішіні мен беткі қабаты қандай?

_____

_____

4. Саудада жақсартылған қарабидай-бидай нанының қандай түрлері бар?

_____

_____

5. Нанның сыртындағы үлкен жарықтар мен тесіктер нені білдіреді?

_____

6. Неліктен нанның уатылуы пайда болады?

_____

7. Неліктен наның көгеруі пайда болады?

_____

***8.* Нанның қандай түрін күнземен себеді** *(дұрыс жауабын таңдаңыз):*

а) «Астаналық»;

б) «Бородиналық»;

в) «Қышалы»?

9. Нан-тоқаш өнімдерін өндіру үшін қажетті негізгі шикізатты атаңыз.

_____

_____

10. Нан-тоқаш өнімдерін қандай сұрыптамада шығарады?

_____

_____

11. Қандай батондардың ұзартылған қалыптары бар?

_____

_____

12. Бөлке нанның сайкадан (ақ нан) айырмашылығы неде?

_____

_____

13. Ішіне ірімшік салып пісірілген нан нан-тоқаш өнімдердің қай тобына жатады *(жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз*)**:**

а) бөлке нан;

б) өрілген өнімдер;

в) майқоспалы өнімер;

г) ұсақ бөлкелер?

14. Майқоспалы өнімдер нан-тоқаш өнімдерінен несімен ерекшеленеді?

_____

15. Келесі жағдайды толықтырыңыз.

Өрілген өнімдер бөлінеді

а) *өрме нан*;

б) _____.

16. Жоғары сапалы бидай ұнынан алынған кесілген батон сыртқы белгілермен салыстырғанда, 1-ші сыныптағы бидай ұнынан өндірілген кесілген батоннан несімен ерекшеленеді?

_____

_____

17. Үстіңгі бетінде бойлық кескіндері бар батондар қалай аталады?

_____

18. Өрме нандар тоқылғандардан несімен ерекшеленеді?

_____

_____

19. Еленеген ұн наны мен қалаш өзге нан-тоқаш өнімдерінен ерекшелігі неде?

_____

20. Тәжірибелік тапсырмаларды орындаңыз.

1-тапсырма.

Нормативті құжаттар мен нан-тоқаш өнімдерінің альбомын басшылыққа ала отырып, ұн түріне, қамырдың рецептурасын және пісіру әдісіне байланысты нанның жіктелімі мен ассортиментін зерттеп көріңіз. Алынған нәтижені төмендегі кестеде келтіріңіз:

Нан	Рецептурасы	Пісіру тәсілі	Ұнның сұрыбы	Кіріспе қоспалары

2-тапсырма.

Нанды үлгіге і және нормативтік құжаттарға сәйкес органолептикалық бағалау жүргізіңіз.

Жұмысты жүргізу реті:

1) нанды ортасынан кесіп, қыртыстың қалыңдығын, оның жұмсақтығын, өнімнің дәмі мен иісін анықтаңыз (қыртыстың қалыңдығы үш анықтаманың орташа мәні ретінде анықталады);

2) нанның атауын белгілеңіз, сонымен қатар оның қандай ұнның сұрыпынан әзірленгенін анықтаңыз;

3) орындалатын жұмыстардың нәтижелерін келесі кестеде келтіріңіз:

Көрсеткіш	Көрсеткіштің сипаттамасы	Стандарт талаптарынан ауытқу
Сыртқы түрі: беткі қабаты түсті құйма қыртысы		
Нан жұмсағының сапасы: пісуі жетілуі иленуі кеуеттілігі иілгіштігі		
Дәмі		
Иісі		

4) үлгінің сапасы туралы қорытынды беріңіз.

3-тапсырма.

5) Нормативтік құжаттарды, нан-тоқаш өнімі альбомын және тауартану бойынша оқулықты басшылыққа ала отырып, нанның кемшіліктерін сипаттаңыз, олардың пайда болу себебін және алдын алу шараларын көрсетіңіз. Кемшіліктерді сыртқы түрі, жұмсақтығы, иісі, дәмі бойынша топтаңыз. Алынған нәтижені төмендегі кестеде келтіріңіз:

Көрсеткіш	Кемшілігі	Пайда болу себебі	Алдын алу шаралары
Сыртқы түрі: беті түсті құйма қыртысы			

Кестенің соңы

Көрсеткіш		Пайда болу себебі	Алдын алу шаралары
Нан жұмсағының сапасы: Жақсы піскен иленуі кеуектілігі иілгіштігі			
Дәмі			
Иісі			

4-тапсырма.

Нанға арналған үлгілері мен нормативтік құжаттары бар планшеттер, плакат бойынша нан-тоқаш өнімдері мен майқоспалы өнімдерінің ассортиментімен танысыңыз.

Жұмысты жүргізу реті:

1) айырымдық ерекшеліктерін тауып, нан-тоқаш өнімдерін топтары бойынша үйлестіріңіз;

2) осы үлгілерді өндіруде қандай қоспалар, сондай-ақ өндірілген өнімдердің массасы пайдаланылатынын есіңізге түсіріңіз;

3) алынған нәтижені төмендегі кестеде келтіріңіз:

Өнім үлгісінің атауы	Рецептурасы	Пісіру тәсілі	Ұнның сұрыпы	Қоспалар	Массасы

5-тапсырма.

Нанға арналған стандарт бойынша батонның табиғи үлгілері арқылы нан-тоқаш өнімі мен майқоспалы нан-тоқаш өнімдеріне органолептикалық бағалауды жүргізу.

Жұмысты жүргізу реті:

1) қыртыстың және нанның жұмсағының сыртқы түрін, күйін,дәмі мен иісін органолептикалық түрде анықтаңыз;

2) қыртысының пішінін, бетін, түстерін анықтағаннан кейін, нанның жұмсағының сыртқы түріне назар аударыңыз (жақсы пісірілген, жабыспайтын, кеуектілігі біркелкі, аздаған қысымнан кейін бастапқы пішінді алу керек);

1) алынған нәтижені төмендегі кестеге келтіріңіз:

Көрсеткіш	Батон	Майқоспалы нан-тоқаш өнімдері
Сыртқы түрі: беті түсті құйма қыртысы		
Нанның жұмсағының сапасы жақсы піскен иленуі кеуеттілігі иілгіштігі балғындылығы		
Дәмі		
Иісі		

2) Нан үлгілерінің сапасы туралы қорытынды беріңіз.

21. «Нан-тоқаш өнімі» сөзжұмбағын шешіңіз.

Көлденеңінен: 1. Бойлық тілінген батон. 3. Құрамында қант пен майдың мөлшері көп нан-тоқаш өнімі. 5. Нан өнімдері қант, май, жұмыртқа, сүт, дәмдеуіштерінен әзірленген нан-тоқаш өнімі. 7. Жұмсағынан, қыртысы басымырақ бидай ұнынан жасалған нан-тоқаш өнімдері. 9. Бет жағы айдаршалы дөңгелек пішінді тоқаш нан.

Тігінен: 2. Нан пісіру әдісі. 4. Бидай қамырын дайындау тәсілі. 6. Бүйір қабықсыз өнім. 8. Зире себілген нан. 10. Дайындау үшін тек негізгі шикізат пайдаланылатын нан өнімдері.



1.4. БАРАНДЫ НАН ӨНІМДЕРІ

1. **Баран өнімдеріне не жатады?**

_____

2. **Баран өнімдерін шығарудың ерекшелігі неде? Салу орны деген не?**

_____

_____

3. **Баран өнімдерінің жылтыр қабаты қалай пайда болады?**

_____

4. **Көкнәр қосылған кепкен тоқаштың баранкадан ерекшелігі неде?**

_____

5. **Баранка өнімнің қай түріне қыша майын қосады?**

_____

6. Сопақша пішінді кепкен тоқаш қалай аталады?

_____

7. Баранка өнімінің қай түрі ең төмен ылғалдылыққа және ең кіші диаметрге ие?

_____
_____

8. Баран өнімінің қандай ақауларын білесіз?

_____
_____

9. Өндіру барысында ванилин қосылатын баран өнімдерін атап шығыңыз.

_____

10. Кепкен тоқаштар күнделікті сүйіп жейтін тағамдардан несімен ерекшеленеді?

_____
_____

11. Саудада бар тоқаштардың ассортиментін атап шығыңыз.

_____
_____

12. «Баранды нан-тоқаш өнімдері. Техникалық талаптары» МемСТ 7128-91 сүйене отырып, баран өніміне қойылатын талаптарды атап шығыңыз.

_____
_____
_____

13. Баран өнімдерінің ісінуін қалай анықтайды?

_____
_____

14. Баран өнімдерінің қай түрі ұзақ уақыт сақталады?

_____
_____

15. Тоқаштың, кепкен тоқаштар мен баранканың дүкенде сатылып кету мерзімін атаңыз.

_____
_____
_____

16. Тәжірибелік тапсырмаларды орындаңыз.

1-тапсырма.

Нанға арналған үлгілері мен нормативтік құжаттары бар планшеттер, плакат бойынша баранды нан өнімдерінің ассортиментімен танысыңыз.

Жұмысты жүргізу реті:

1) Баранды нан өнімдерін топ бойынша анықта (кепкен тоқаштар, баранкалар, тоқаштар);
2) алынған нәтижиені төмендегі кестеде келтіріңіз:

Баранды нан өнімдері	Ұн сұрыпы	Қоспалары
Ванильді кепкен тоқаштар	жоғары	қант, ванилин

2-тапсырма.

Баранды нан өнімдерінің сапасын 1-2 түрлі кепкен тоқаш және баранды нан өнімдерінің нормативті құжаттары бойынша органолептикалық бағалауды көрсетіңіз.

Жұмысты жүргізу реті:

1) өнімнің қалпын анықтау;
2) кептірілген тоқаштың беткі қабатын мұқият зерттеңіз (ол тегіс, жылтыр, ісінусіз және үлкен сызаттар болмауы керек);
3) түсін анықтаңыз;
4) баранды нан өнімдерін бөлу арқылы ішкі күйін анықтаңыз (үзілген жерінің түсі, жақсы пісуі, қопсып көтерілуі);
5) Берілген үлгінің дәмін көріңіз, дәмі мен иісін анықтаңыз (кептірілген тоқаштың нәзіктігін ескеріңіз);
6) алынған нәтижені төмендегі кестеде келтіріңіз:

Көрсеткіші	Стандартқа сәйкестігі	Үліге сипаттама
Өнімнің сыртқы түрі: беткі қабаты пішіні түсі		
Сапасы: дәмі иісі нәзіктігі		

1.5. КЕПТІРІЛГЕН НАН

1. Жоғары сұрыпты ұннан жасалған майқоспалы кептірілген нанның бірінші сұрыпты ұннан жасалған майқоспалы кептірілген наннан айырмашылығы қандай?

_____

_____

2. Сатылымда жоғары сұрыптағы бидай ұнынан жасалған қандай майқоспалы кептірілген нан бар?

_____

3. Аталған кептірілген нанның қайсысының бір жағы құмшекер себілген *(дұрыс жауапты таңдаңыз):*

а) ванильді, лимонды;
б) сүтті, жаңғақты;
в) мейіз қосылған, «Күзгі»;
г) қаймақты, қышалы?

4. Судың температурасы 60 °С температурада ұнның жоғары сұрыпынан жасалынған кептірілген нанның көтерілу нормасы қандай?

_____

5. Егер орамада (пакетте) кептірілген нанның сынығы, нанның ұсағы көп болған жағдайда сіз не істейсіз?

_____

6. Тәжірибелік тапсырмаларды орындаңыз.

1-тапсырма.

«Майқоспалы бидайдан жасалынған кептірілген нан» МемСТ 8494-96 мен планшеттердің стандарттарын басшылыққа ала отырып, майқоспалы кептірілген нан ассортиментімен танысыңыз.

Жұмысты жүргізу реті:

1) Рецептура мен сыртқы түрі бойынша кептірілген нандар арасындағы айырмашылығын көрсетіңіз;

2) алынған нәтижені төмендегі кестеде келтіріңіз:

Кептірілген нан	Ұнның сұрыпы	Пішіні	Құрғақ заттарға қатысты мазмұн, %, кем емес	
			қант	майы

2-тапсырма.

МемСТ 8494-96 басшылыққа ала отырып, кептірілген нанның үлгілері стандартты деп тануға болатындығын анықтаңыз, олардың сапасы көрсеткіштері төмендегі кестеде көрсетілген.

Көрсеткіші	Кептірілген нан	
	Қаймақпен	Балаларға арналған
Сыртқы түрі: пішіні үсті бояуы	Картылай сопақша Кішкене сызаттар мен бос орындары бар Қоңыр Қоңыр	Жарты дөңгелекті пішіндес. Кішкентай сызаттар мен бос орындар арқылы. Қоңыр
Сапасы (қысқартылған өлшемдердің сынықтары мен кептірілген наны)	15%-ға төмендетілген кептірілген наны мен 8% сынығы	Салыстыра келгенде кептірілген нан 5%-ға төмендеп, оны қамырмен илеу барысында шыққан қалдықтары 3%
Дәмі	Тәтті	Қалыпты
Иісі	Жағымды	Бөтен иістер жоқ
Нәзіктігі	Нәзік	Нәзік
Ылғалдылығы, %	10	11
Көтерілуі	Толық	Толық
Сапа туралы қорытындысы		

Е с к е р т п е . Егер үлгі стандартты емес деп саналса, оның негізінде қорытынды жасалаған ақаулықтарды көрсетіңіз.

3-тапсырма.

Қолжетімді үлгілерге және МемСТ 8494-96 негізінде майқоспалы кептірілген бидай нанына органолептикалық бағалауды жүргізу.

Жұмысты жүргізу реті:

1) зерттелетін кептірілген нан үлгілерінің атауын белгілеңіз;
2) стандартта көзделген ретпен органолептикалық бағалауды жүргізіңіз;
3) алынған нәтижиені төмендегі кестеге келтіріңіз:

Көрсеткіші	Кептірілген нан		
Сыртқы түрі: пішіні беткі қабаты түсі			

Кестенің соңы

Көрсеткіші	Кептірілген нан		
Сапасы: дәмі иісі нәзіктігі			
Сұрыпы			
Сапа туралы қорытындысы			

1.6. МАКАРОН ӨНІМДЕРІ

1. Макарон өнімдерін өндірудің негізгі және қосымша шикізаты.

2. Макарондарды қалай жіктеуге болады?

3. Ұнның қай түрінен ең аз калориялы макарон алынады?

4. А тобына жататын макароннан қандай ұн дайындалады? (дұрыс жауапты таңдаңыз):
а) ең жоғары сапалы ұннан (қатты бидайдан);
б) наубайшы бидай ұны;
в) жұмсақ жылтыр дәннен алынған бидай ұннан
5. Макарон өнімдерін жіктелімін оның түрлері мен тұрпатына ажырата отырып сызбаны толтырыңыз.
КЕСТЕДЕГІ СӨЗДЕР: Макарон өнімдері, трубчатые-түтік тәрізді, нитеобразные-жіңішке, лентообразный-лента тәрізді, фигурные-бейнелі, макароны - макарондар



6. Макарон өнімдерінің қауырсын тектес түрі қай топқа жатады?

7. Кеспе ұзындығына байланысты қалай жіктеледі?

8. **Төменде көрсетілген макарон түрлерінің қайсы көлденең кесілгенде ұзын болып келеді?**

(дұрыс жауапты таңдаңыз): _____

а) «қарапайым»;

б) «әуесқойлық»?

9. Макаронның түсі анықталады

10. Макарон сынығы дегеніміз не?

_____

11. Макарондарды қалай сақтауға болады?

_____

12. Макарондардың қандай түрі вермишель болып табылады *(дұрыс жауапты таңдаңыз)***:**

а) бейнелі;

б) жіңішке;

в) лента тәрізді;

г) түтік тәрізді.

_____

13. Тәжірибелік тапсырмаларды орындаңыз.

1-тапсырма.

Үлгілер мен нормативтік құжаттарға сәйкес макаронның түрлері мен сұрыптары.

Жұмысты жүргізу реті:

1) макаронның ұсынылған үлгілерін зерттеу;

2) макаронның түрлері мен сорттарын анықтап, олардың түріне қарай таратады (осы классификациядағы жалпы сипаттамаларды табыңыз);

3) макаронның диаметрін анықтау;

4) алынған нәтижені төмендегі кестеде келтіріңіз:

Өнім атауы	Түрі	Сұрыпы	Кіріспе қоспалар	Түсі

2-тапсырма.

1-2 үлгідегі және нормативтік құжаттарда макарон өнімдерінің сапасына органолептикалық бағалау жүргізу.

Жұмысты жүргізу реті:

1) әрбір үлгідегі өнімнің стандарттарын зерделеу;

2) макарон өнімінің түрін анықтаңыз;

3) макарон өнімінің берілген үлгісін мұқият қарастырып, түсіне назар аударыңыз;

4) макарон өнімдерінің сапасы туралы қорытынды жасаңыз;

5) алынған нәтижені төмендегі кестеде келтіріңіз:

Өнім түрі	Сапа көрсеткіші					Сапа туралы қорытынды
	Сыртқы түрі	Беткі қабаты	Түсі	Иісі	Дәмі	

14. «Макарон өнімдері» сөзжұмбағын шешіңіз



Көлденеңінен: 3. Жіңішке макарон. 5. Ең жұқа (диаметрі) вермишель. 6. Түтік тәрізді макарон. 8. Өнімнің түсін өзгертетін тағамдық қоспалар. 9. Дәмді жақсартатын қосымша шикізат. 10. Бейнелі макарон өнімдері.

Тігінен: 1. Сапаны органолептикалық бағалау көрсеткіштерінің бірі. 2. Тауарларды сақтауға әсер ететін факторлар. 4. Ресейлік макарон өнімдерін өндірушісі. 5. Түтік тәрізді макарон. 7. Стандартпен рұқсат етілетін ұсақ макарон өнімдері.

1.7. ТАҒАМДЫҚ КОНЦЕНТРАТТАР

1. Мағынасына қарай тағамдық концентраттар қалай жіктеледі?

_____
_____
_____
_____
_____

2. Негізгі шикізатқа байланысты бірінші тағам концентраттарының ассортиментін атап шығыңыз.

_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____

3. Негізгі шикізатқа байланысты екінші тағам концентраттарының ассортиментін атап шығыңыз.

_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____

4. Негізгі шикізатқа байланысты үшінші (тәтті) тағам концентраттарының ассортиментін атап шығыңыз.

_____
_____
_____
_____
_____

***5.* Қандай концентрат аз сақталады және неге** *(дұрыс жауапты таңда):*
а) тәтті сұлы ботқасы;
б) сүт қосылған күріші бар ірімшік жұмыртқа қосылған қарақұмық ботқасы;
в) сүті бар ұнтақ ботқасы?

***6.* Концентраттың қандай түрінің рецептурасына крахмалдау кіреді** *(дұрыс жауапты таңдаңыз):*

а) кептірілген құлпынай желесі;
б) құлпынай желесі;
в) Ванильді крем?

***7.* Қандай тағамдық концентраттар құрғақ таңғы асқа жатады** *(дұрыс жауапты таңдаңыз):*
а) «Жапырақ» печеньесі;
б) тәтті жүгері қоспалары;
в) «Мәскеу» қытырлы картобы?

8. Құрғақ кремдер қалай бөлінеді?

_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____

14. «Мюсли» құрғақ таңғы асының және басқа да таңғы ас арасындағы айырмашылығы неде?

_____
_____
_____
_____

15. Тағамдық концентраттарды сақтауға кепілдік мерзімі неге байланысты болады?

_____
_____
_____
_____
_____
_____

16. Тәжірибелік тапсырмаларды орындаңыз.

1-тапсырма.

6) Планшеттегі тағамдық концентраттардың ассортиментін қайта жазыңыз. Таңбалауда көрсетілген алынған шикізат пен қоспалар концентраттары. Алынған нәтижиені төмендегі кестеге келтіріңіз:

Концентраты	Тағайындалуы	Рецептурасы		Массасы, г
		Негізгі шикізат	Қоспалары	
Цитрусты балкүлшесі	Жартылай дайындалған ұн өнімдері	Бидай ұны	Қант, тұз, жұмыртқа ұнтағы, пісірілген ұнтақ	500

2-тапсырма.

Планшеттегі тағамдық концентраттардың сатылу мерзіміне сәйкестігін тексеріңіз.

Жұмысты жүргізу реті:

1) жапсырмада концентраттың атауы, өндірілген күні, сақтаудың кепілдік мерзімі белгіленеді;

2) концентраттың нақты сақтау мерзімін анықтаңыз;

3) алынған нәтижені төмендегі кестеге келтіріңіз:

Концентрат	Уақыты		Сақталу мерзімі, айы		Қорытынды
	әзірлеу	тексеріс	кепілдік	нақты	
Пісірілген крем	27.12.11	01.02.12	3	2	Пайдалануға жарамды

3-тапсырма.

Тағамдық концентраттардың сыртқы түрінің сапасына баға беріңіз.

Жұмысты жүргізу реті:

1) жапсырма бойынша концентраттың атауы мен түрін анықтаңыз;
2) алынған нәтижені төмендегі кестеде келтіріңіз:

Концентрат	Ораманың және жапсырманың жағдайы	Жапсырмадағы жазбалардың мазмұны	Сапа қорытындысы
Қытырлақ катоп «Московский», 50 г	Суретті фольга пакеті	Құрамы, тағамдық құндылығы, өндірілген күні, жарамдылық мерзімі және сақтау шарттары	Техникалық талаптарға сәйкес (ТС)

2-тарау.

ЖЕМІС-КӨКӨНІС ТАУАРЛАРЫ

2.1. БАЛҒЫН КӨКӨНІСТЕР (ТҮЙНЕКЖЕМІСТІ ЖӘНЕ ТАМЫРЖЕМІСТІ)

1. Көкөністерді жіктеуге не жатады?

_____

_____

2. Көкөністерді жіктеуге арналған сызбаны толтырыңыз.

3. Түйнекжемістілерге не жатады?

_____

_____

4. Картопты өткізу мерзіміне қарай қалай бөледі?

_____

_____

5. Асханалық картоп сұрыптарының әмбебап картоп арасындағы айырмашылық неде?

_____

_____

_____

6. Картоптың қандай түрлері крахмал мен спирт өндіруге арналған шикізат ретінде пайдаланылады?

_____

7. Тамыржемістілердің тізімін жалғастырыңыз.

Сәбіз					

8. Көкөністер арасында қандай тамыржемісті ең ерте пісетіні қайсысы?

_____

9. Картоптың қандай ауруларын білесіз?

_____

10. Қызылшадан сәбіздің тағамдық құндылығы бойынша қандай айырмашылығы бар?

11. Сәбіз бен қызылша қандай ерекше аспаздық қасиеттерге ие?

_____

12. Тамыржемістілердің қандай ауруларын білесіз?

_____

_____

_____

13. Тамыржемістілер қалай қапталады және сақталады?

_____

_____

_____

14. Тәжірибелік тапсырмаларды орындаңыз.

1-тапсырма.

Сәбіз және қызылшаның түрі мен сұрыпын зерттеңіз.

Жұмысты орындау реті:

1) сәбіз, қызылша суреттері бар плакат арқылы, тамыржемістілердің нақпышіні (муляж) арқылы сәбіз бен қызылшаның ассортиментін және тамыржемістілердің стандартын зерттеу;

2) сәбіз сұрыптарының ұзындығы мен пішініне қарай қалай бөлінетінін анықтаңыз. Суретте көрсетілген сұрыптарды атап шығыңыз:



а) _____;

б) _____;

в) _____;

г) _____;

д) _____.

2) плакаттан асхана қызылшасының шаруашылық-ботаникалық сұрыптарымен танысыңыз. Сұрыпы мен ерекше өзгешеліктерін атап шығыңыз (пішіні, бояуы, т.б. бойынша) және тізімдеңіз;

3) төмендегі кестені толтырыңыз:

Тамыржемісті	Сұрыпы	Тұтынушылық қасиеттері
Сәбіз		
Қызылша		

2-тапсырма.

Тамыржемістерге үлгілер мен нормативтік құжаттарға сәйкес сәбіз және қызылшаға органолептикалық бағалау жүргізіңіз.

Жұмысты жүргізу реті:

1) берілген стандартты көрсеткіштерін салыстыра отырып, сәбіз бен қызылшаның сыртқы түрін зерттеу; 2) сәбіз бен қызылшаның пішіні мен түсін анықтаңыз;

3) ең үлкен көлденең диаметрі бойымен сәбіз бен қызылшаны кесіп, көлемін (см) анықтаңыз; 4) тамыржемістілерінің ішкі құрылымын зерттеу, сәбіз өзегінің көлеміне назар аудару, қызылшадағы ашық және қара шеңберді ауыстыру; 5) берілген үлгілерді татып көру дәмін арқылы анықтау; 6) алынған нәтижені төмендегі кестеде келтіріңіз:

Көрсеткіші	Сәбіз	Қызылша
Сыртқы түрі		
Пішіні		
Түсі		
Ішкі құрылымы		
Ең үлкен диаметрі, см		
Дәмі мен иісі		
Консистенция		

1) сәбіз мен қызылша сұрыптарын анықтаңыз және берілген үлгілердің сапасы туралы пікіріңізді беріңіз.

15. «Тамыржемістер» сөзжұмбағын шешіңіз.



Көлденеңінен: 2. Елдің солтүстік аймақтарында өсірілетін тамыржемістілер. 4. Шалқан сұрыптары. 5. Күшті қалпына келтіретін тамыржемістілер шырыны. 6. Сәбіз түрі. 8. Шалқан сұрыптары. 9. Шалғам сұрыпы. 11. Қызылша сұрпы. 13. Сәбіз сұрыпы.

Тігінен: 1. Сәбізге түс беруші нәрсе. 3. Эфир майларының аз мөлшерінде болатын тамыржемістілер. 7. Шалғам сұрыпы. 10. Көкөністер арасындағы ең ерте пісетін тамыржемістілер. 12. Сәбіз сұрыпы.

2.2. БАЛҒЫН ЖЕМІСТЕР

1. Құрылысына қарай жемістер қандай топтарға бөлінеді?

_____

_____

_____

2. Алманың ерте пісетін, күзгі және қысқы сұрыптары қалай бөлінеді?

_____

_____

3. Шекілдеуік жемістілерді атаңыз және олардың тағамдық қасиеттерін сипаттаңыз.

_____

_____

_____

_____

4. Шекілдеуік жемістілерді қандай ауру түрлері зақымдайды?

_____

5. Жемістердің қандай механикалық зақымдану түрі нормативтік құжаттармен рұқсат етіледі?

6. Жемістер қалай қапталып, сақталады?

_____

7. Тұтынушылық және алынбалы пісіп-жетілу деңгейінің арасындағы айырмашылық қандай?

_____

_____

_____

8. Құрманың қай сұрыпы қатты күйінде де өзінің уылдырмайтын тәтті дәмімен ерекшеленеді?

_____

9. Сүйекті жемістерді жіктеу сызбасын сипаттаңыз:



10. Айваны қай топқа қосады? (дұрыс жауапты таңдаңыз):
а) сүйекті жемістер;
б) шекілдеуік жемістілер;
в) цитрусты жемістері;
г) тропикалық жемістер.

11. «Парсы қараөрігі» деп аталатын қандай жеміс (дұрыс жауапты таңда):

а) қараөрік; в) өрік;
б) шабдалы; г) шие?

12. Тұжырымдаманың анықтамасын толтырыңыз:

грейпфрут – бұл гибрид _____

13. Цитрусты жемістерді жіктеу сызбасын сипаттаңыз.



14. Жеміс үшін басқа атауды енгізіңіз:

а) шараптық жидек – _____

b) қытай қарлығаны – _____

в) жүзім жемісі – _____

15. Алманың помологиялық сұрыптарын жіктеу негізін не жатады?

_____
_____
_____

16. Күзгі антоновканың қалыпты антоновка арасындағы айырмашылықтар қандай (қысқы сұрып)?

_____
_____

17. Алманың қандай сұрыптары бір мезгілде алынбалы және тұтынушылық жетілу деңгейіне ие?

_____
_____

18. Қысқы алманы пісіп-жетілген қай кезеңінде алуға болады?

_____
_____

19. Импортталған алманың қандай түрлерін білесіз және олардың айрықша ерекшеліктері қандай?

_____

_____

_____

20. Тәжірибелік тапсырмаларды орындаңыз.

1-тапсырма.

Плакаттар, үлгілер, табиғи үлгілер мен стандарттарға алма помологиялық сұрыптарын зерттеу.

Жұмысты жүргізу реті:

1) табиғи үлгілер бойынша анықтаңыз:
   а) алманың пісіп-жетілу кезеңі;
   б) алманың помологиялық сұрыпы;
2) Алынған нәтижені төмендегі кестеде келтіріңіз:

Сұрыпы	Сыртқы түрі	Айрықша ерекшеліктері	Ұстамдылық кезеңі

2-тапсырма.

Алманы табиғи үлгілер мен стандарттар бойынша органолептикалық бағалау.

Жұмысты жүргізу реті:

1) алманың стандарттарын зерделеу;
2) алма помологиялық сұрыпын анықтаңыз;
3) алынған нәтижесін төмендегі кестеге келтіріңіз:

Сұрыпы	Сыртқы түрі	Пішіні	Пісіп-жетілуі	Дәмі	Жұпары (иісі)	Консистен-циясы	Ірі көлденең диаметрі бойынша өлшем

4) келесі кестені қолданып, әртүрлі сұрыпты алмадағы зақымдар мен аурулардың қандай екенін көрсетіңіз:

Көрсеткіш	Жоғары сұрыпы	1-ші сұрыпы	2-ші сұрыпы	3-ші сұрыпы
Механикалық зақымдануы				
Зиянкестердің зақымдауы мен аурулары				
Жеміссабақтың болмауы				
Қабықты күрең тартуы (тотығу)				
Қабықасты теңбілділігі				
Солуы				
Балдырдың күреңденуі				

5) берілген үлгілер қай сұрыпқа жататындығын көрсетіңіз және сапасына қатысты қорытынды жасаңыз.

21. «Шекілдеуік жемісі» сөзжұмбағын шешу.



Көлденеңінен: 1. Алманың жазғы сұрыптары. 3. Алмұрт сұрыпымен аталатын карамель. 4. Алманың қысқы сұрыптары. 6. Шекілдеуік жемістілерге жататын жеміс. 8. Импорттық алмұрт сұрыпы. 10. Көктемге дейін сақталатын алманың қысқы сұрыптары.
Тігінен: 2. Алмұрттың кең таралған жазғы сұрыпы. 5. Күзгіге жататын алма сұрпы. 7. Сақтау барысында пісіп-жетілетін алмұрттың қысқы сұрыпы. 9. Алмұрттың жазғы сұрыпы. 11. Алманың қысқы сұрыпы.

2.3. КӨКӨНІС ПЕН ЖЕМІС-ЖИДЕК КОНСЕРВІЛЕРІ

1. Консервіленген көкөністерді қалай жіктейді?

_____
_____
_____

2. Табиғи және дәмханалық консервілер арасында қандай айырмашылықтар бар?

_____
_____

3. Консервінің қай түрі дәмханалыққа жатады?

_____
_____
_____

4. Қандай консервіленген тағамдар табиғи болып табылады?

_____
_____

5. Жемісті консервілерді қалай жіктеуге болады?

_____

6. Томат пастасы мен томат езбесінің қандай айырмашылығы бар?

7. Қандай көкөністер, жемістер және саңырауқұлақтар маринадталады?

_____
_____
_____
_____

***8.* Қандай консервілерді түстік асқа жатқызады** *(дұрыс жауапты таңдаңыз):*

а) көкөніс тұздықты мен щи сорпасы;
б) винегрет;
в) жасыл бұршақ?

9. Маринаттау кезіндегі консерванттарға не жатады?

10. Маринадталған көкөністер мен жемістердің дәмі қандай болады?

_____

11. Қалбырдағы консервілердің негізгі сапа көрсеткіштері қандай?

_____

_____

12. Қампаю дегеніміз не?

13. Қампаюдың қандай түрлерін білесіз?

_____

_____

14. Қалбырлардың шартылдауы неліктен пайда болады?

15. Консервіленген қалбырдың кампаюы кезінде не істеу керек?

_____

_____

16. Консервіленген қалбырларды қалай сақтау керек?

_____

17. Дүкендегі консервілерді сақтау жағдайы және сақтау шарттары қандай?

_____

_____

18. Тәжірибелік тапсырмаларды орындаңыз

1-тапсырма.

Көкөніс және жеміс-жидек консервілерінің жапсырмалары бар нормативтік құжаттар мен планшеттерді пайдалана отырып келесі кестелерді толтырыңыз:

Консервіленген көкөністер	Құрамы	Қоспалары

Жеміс-жидек консервілері	Түрі	Құрамы

2-тапсырма.

Ресей Федерациясында өндірілген жеміс-жидек консервілерінің таңбалануын есте сақтай отырып, металл ыдыстардың қақпағында үш қатардағы шартты белгілері орналасқан көкөністер мен жеміс-жидек консервілерінің қақпағындағы литографиялық белгілерді шешіңіз: 1-ші қатар – 1132; 2-ші қатар – 200711; 3-ші қатар – К76 (қалбырдағы консервіде Балтық елдерінде және басқа да ТМД мемлекеттерінде өндірілгендігі 2-ші қатарда 150802 санымен көрсетілген), ал қақпақта шыны, полимерлік ыдыста және тубада – екі қатарда: 1-ші қатар – 1091201; 2-ші қатар – К76.

3-тарау.

ДӘМДІК ТАУАРЛАР

3.1. ШАЙ

1. Шайдың түрлері мен ассортиментін атаңыз.

2. Не себепті қара шайды өндіру кезінде жапырағы қараяды?

_____

_____

3. Жапырақ жасыл қалпында қалу үшін не істеуі керек?

4. Жасыл шай өндіру кезінде ферменттер қалай бұзылады?

_____

5. Жасыл шай мен қара шайдың дәмі арасындағы айырмашылық қандай?

6. Шай сусындары шайдан несімен ерекшеленеді?

7. «Типсы» дегеніміз не және олар қандай шайда болады?

8. Қай бұйра шайының ауыз қуыратын, уылдыратын дәмі бар?

_____

9. Неліктен шайды сақтау кезінде тауарлық іргелестік ескерілу керек?

_____

_____

10. Неліктен жоғары сұрыпты шай фольгаға оралады және қатты қаптамада қапталады?

_____

_____

11. Сыртқы түрлеріне қарай қандай шай жақсы деп саналады?

_____

12. Бұйра шайдың оралған шайдан (бір рет қайнату үшін) қандай айырмашылығы бар?

_____

13. Тәжірибелік тапсырмаларды орындаңыз.

1-тапсырма.

«Шай» тақырыбы бойынша алған білімді қолдана отырып, нәтижелерді келесі кестеде келтіріңіз:

Көрсеткіш	Қара бұйра шайы	Көк бұйра шайы
Алу тәсілі		
Илік заттың (таниннің) құрамы (көп, аз)		
Тұнбаның дәмі мен түсі		
Дәрумендер құрамы		

2-тапсырма.

6) Планшеттегі шайдың ассортиментін зерттеу. Алынған деректерді төмендегі кестеде келтіріңіз:

Шай	Түсі	Алу тәсілі	Шай жапырақтарының мөлшері	Қаптама жағдайы	Фирмасы	Массасы, г
Қытайлық	Көк	Бұйралы	Ірі жапырақты	Целлофанды жұмсақ	«Гранд»	100

3-тапсырма.

Шай қорабындағы (қорапша) жазулар мен нормативтік құжаттар бойынша шайға органолептикалық бағалау жүргізіңіз.

Жұмысты жүргізу реті:

1) қорапты қаптамасына және таңбалануына қарай тексергеннен кейін шайдың атауын, түрін - алу тәсілі бойынша қаптаманың жағдайын анықтаңыз;
2) қорапты (қорапты) ашыңыз және қаптама сапасын тексеріңіз;

3) ақ қағаздың бетіне 1-2 шай қасық шай себіңіз, сол арқылы құрғақ шайдың сыртқы түріне қарап оның жиналуын анықтаңыз;

4) Тұнбаның дәмін, хош иісін, түсін, қайнатылған жапырақтың түсін анықтау үшін құрғақ шайды 5 грамнан алып, оны фарфор ыдысқа салып, үстіне ыстық су құйыңыз. Оның дәмін, хош иісін анықтауды тұнба пайда болғаннан кейін ғана көріңіз (5-10 минут өткен соң);
6) сусынды 40 °С дейін салқындатыңыз және ішіп көріңіз. Қайнаған жапырақтың тұнбасын, дәмін, хош иісін шай сұрыптарының сипаттамасы бойынша стандарт талаптарымен сәйкестендіріңіз;
7) орындалған жұмыс нәтижесін төмендегі кестеде келтіріңіз:

Шай	Құрғақ шайдың сыртқы түрі	Тұнбасы	Хош иісі мен дәмі	Қайнатылған жапырақтың түсі	Шай сұрыпы

Дәмдеуіштер

1. Дәмдеуіштер азық-түлік тауарларының қандай тобына кіреді?

_____

_____

2. Дәмдеуіштердің жіктелуіне не жатады?

3. Зире дәмдеуіштердің қай тобына жатады (дұрыс жауапты таңдаңыз):

а) гүлді;

б) қыртысты;

с) тамырлы;
г) жеміс-тұқымды?

4. Дәмдеуіштерді жіктеу сызбасын толтырыңыз:



5. Қалампыр дәмдеуіштердің қай тобына жатады?

_____

6. Наубайхана өндірісінде қандай дәмдеуіштер пайдаланылады?

_____

7. Қандай дәмдеуіштер астатымдар дайындау үшін қолданылады?

_____

8. Бұрыш түрлерін толықтырып жазыңыз:

а) қара;

б)_____;

в)_____;

г)_____.

9. Ірімшіктерді, майларды және басқа өнімдерді сары түске бояуда қандай дәмдеуіштер қолданылады?

_____

10. Қалампырдың сапасын анықтаудың ерекшелігі қандай?

_____

11. Ванильді жасанды алмастырғышты қалай атайды және оны қайда қолданылады?

_____

12. Дәмдеуіштерді сақтау ерекшелігі қандай?

_____

_____

13. Тәжірибелік тапсырмаларды орындаңыз.

1-тапсырма.

Планшеттер мен стандарттарға сәйкес дәмдеуіштердің белгілі бір түрлерінің ассортиментін біліңіз.

Жұмысты жүргізу реті:

1) дәмдеуіштерді топтарға бөліңіз;

2) олардың тобын анықтау кезінде дәмдеуіштердің ортақ ерекшеліктеріне назар аударыңыз;

3) алынған нәтижесін төмендегі кестеде келтіріңіз:

Дәмдеуіштер	Тобы	Пайдаланылуы

2-тапсырма.

Стандартқа сәйкес дәмдеуіштің екі түрінің сапасына органолептикалық бағалау жүргізіңіз.

Жұмысты жүргізу реті:

1) ұсынылатын үлгілерге сәйкес келетін дәмдеуіштердің қандай топқа сәйкес келетінін анықтаңыз;

2) стандарттармен салыстырылған дәмдеуіштердің түсі, хош иісі және дәмін анықтау;

3) қолда бар дәмдеуіштердің сапасы туралы қорытынды беруге;

4) алынған нәтижесін төмендегі кестеге келтіріңіз:

Өнім атауы	Көрсеткіш				Сапасы туралы қорытынды
	Түсі	Пішіні	Хош иісі	Дәмі	

14. «Дәмдеуіштер» сөзжұмбағын шешіңіздер.



Көлденеңінен: 1. Тропикалық өсімдіктердің құрғап қалған жемісінен жасалатын дәмдеуіштер. 3. Гүлдің атауымен байланысты дәмдеуіш. 5. Аса өткір иісті бұрыш. 8. Жемістері ванилі бар өсімдік.

Тігінен 2. Астатым ретінде пайдаланылатын дәмдеуіш. 4. Құрамында алкалоид капсаицині бар бұрыш. 6. Кондитерлік бұйымдарды дайындауға арналған дәмдеуіштер. 7. Қалампыр және шафраннан тұратын дәмдеуіштердің түрі. 9. «Бородино» нанындағы дәмдеуіш. 10. Лавр жапырағына жататын дәмдеуіштің түрі.

3.3. ЖҮЗІМ ШАРАБЫ МЕН КОНЬЯГЫ

1. Жүзім шарабы деп нені айтады?

_____

_____

_____

_____

_____

2. Табиғи жүзім шарабының ерекше өзгешеліктері қандай?

3. Шараптың шампаннан айырмашылығы қандай?

_____

4. Арнайы шараптар қандай түрлерге бөлінеді?

_____

***5.* Қандай шараптың ауыз қуыратындай дәмі бар** *(дұрыс жауапты таңда):*
а) ақ;
б) қызғылт;
с) қызыл?

***6.* Балық тағамдарына қандай шарап беріледі?** *(дұрыс жауапты таңда):*
а) ақ табиғи жеңіл;
б) күшті арнайы;
в) шампан?

***7.* Ликер немесе жүзім шарабы қай топқа жатады** *(дұрыс жауапты таңда):*
а) жарқырау;
б) арнайы;
в) хош иістендірілген;
г) табиғи?

8. Кольереткамен қандай жүзім шарабы шығарылады?

9. **Ресейде ТМД елдерінің шарабы мен импортты шараптарының тығындысына не жабыстырады?**

_____

_____

10. **«Рислинг-Абрау» ақ табиғи жеңіл жүзім шарабын қандай шарап түрімен алмастыруға болады?**

_____

_____

11. **Қандай сусындар коньяк деп аталады?**

_____

_____

12. **Ректификат-спиртінің коньяк спиртінен қандай айырмашылығы бар?**

_____

13. **Бөшкелерде спирт сақталынған жағдайда қандай процестер болады?**

_____

14. **Дағыстан коньяк зауыты Ресейде қандай коньяктар шығарады?**

_____

_____

15. **Қандай француз коньяктарын білесіздер және VO таңбалауы нені білдіреді?**

_____

16. Тәжірибелік тапсырманы орындаңыз.

Жүзім шараптарының топтарын және түрлерін тануға және жапсырмалар мен нормативтік құжаттарға ие таблеткалардағы бөтелкелердің дұрыстығын анықтаңыз. Материалды қайталағаннан кейін, келесі кестелерді толтырыңыз:

Шарап	Шарап жасалынған орын	Сапа (қарапайым, көне)	Алу тәсілі	Түсі	Сыйымдылығы , л
«Изабелла»	«Московский»		Сусынның қабығы мен сүйектерімен бірге ашытуы	Қызғылт	0,8

Кестенің жалғасы

Шарап	Тауар белгісі	Өндіруші кәсіпорын	Мазмұны, %		Кольеретка
			спирт	қант	

Коньяк белгілері бар планшеттерді қолданып, коньяктар ауқымын зерттеу үшін келесі кестені толтырыңыз.

Коньягы	Сапа бойынша бөлшектенуі	Ұсталым мерзімі	Мазмұны, %		Сыйымдылығы, л
			спирт	спирті	
«Юбилярный»	КИЕК маркалы	8-10 жыл	45	0,1	0,5

3.4. АЛКОГОЛЬСІЗ СУСЫНДАР

1. **Алкогольсіз сусындар қалай жіктеледі?**

2. **Минералды су неден тұрады?**

3. **Минералды су химиялық құрамы бойынша қалай бөлінеді?**

4. **Асханалық минералды сулардың емдік минералды сулардан айырмашылығы қандай?**

5. **Шырындардың тағамдық құндылығы неде?**

6. **Құрамына қарай шырындарды қалай бөледі?**

_____

_____

7. Шырындар мен нектарлар арасындағы айырмашылық қандай?

_____

8. Морстың құрамына не жатады?

_____

9. «Кола» сусындарына не кіреді және олар қалай пайдалануға ұсынылады?

_____

10. Газдалған алкогольсіз сусындарға қандай сусындар жатады?

_____

***11.* Шырынды балдырлығымен қалай шығарады** *(жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз):*
а) жүзім, қызғылт;
б) қараөрік, өрік;
с) мүкжидек, алма?

12. Жасанды минералды су мен табиғи су арасындағы айырмашылық қандай?

_____

_____

13. Қандай минералды суларда шөгінділер рұқсат етіледі және қалай анықталады?

_____

14. «№4 Есентуки» қандай минералды сулар тобына жатады?

_____

15. «Юпи» мен «Инвайт» түріндегі құрғақ ұнтақтар неге шырындар қатарына жатпайды?

_____

16. Шырынның қандай түрі таза, табиғи деп аталады?

_____

_____

17. Қандай шырын мен шәрбат түрлері сатылымда бар?

_____

_____

_____

5. Тәжірибелік тапсырмаларды орындаңыз.

1-тапсырма.

Үлгілерге және нормативтік құжаттарға сәйкес минералды судың түрлерін біліңіз.

Жұмысты жүргізу реті:

1) Планшеттегі МемСТ 13273-88 және бөтелкелердің пайда болуы бар минералды судың түрлерімен танысыңыз. Кестедегі деректерді алыңыз және минералды судың әрбір түрін сипаттаңыз:

Минералды су	Химиялық құрамы	Тұздардың концентрациясы ,г/л	

2) минералды сулардың үлгісінің таңбалау-жапсырмасын оқып, келесі кестені толтырыңыз:

Минералды су	Химиялық құрамы	Өндіруші кәсіпорын	Минералды судың құрамы	Сақтау мерзімі мен шарттары

2-тапсырма.

Планшеттегі жапсырмалар, стандарттар мен бөтелкелер безендірулері арқылы шырындардың, нектарлар, морстар, газдалған сусындардың түрлерімен танысыңыз. Алынған деректерді келесі кестеге қосыңыз:

Сусын атауы	Газдандырылмаған сусынның түрі (шырын, нектар, морс)	Газдалған сусын түрі	Сусынның құрамы

3-тапсырма.

Шырын немесе газдалған сусын үлгісінің марка-жапсырмасын тексеріп, келесі кестені толтырыңыз:

Сусын	Өндіруші	Сыйымдылығы , л	Сақтау мерзімі мен шарттары

4-тарау.

КОНДИТЕРЛІК ТАУАРЛАР

4.1. КАРАМЕЛЬ

1. Карамель өндірісі үшін негізгі шикізат қандай?

_____

2. Карамель өндірісінің салмалы және салмасыз шығару қандай үдерістерден тұрады?

_____

_____

_____

3. Дайындалу формуласына және әдісіне байланысты карамельді қалай жіктейді?

_____

_____

